8D02303 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған Абдулина Анар Борановнаның «Айгүл Кемелбаева прозасындағы ұлттық код және мифопоэтика» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы) басымдықтарына; ҚР Үкімет жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылымның дамуының басым бағыты «Елдің зияткерлік әлеуеті», мамандандырылған «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» ғылыми бағыты бойынша жүзеге асып жатқан AP23486445 «Абай облысының әдеби-мәдени картасы және цифрлық интеграция (фольклордан бүгінге дейін)» гранттық қаржыландыру жобасына (2024-2026 жж., Келісімшарт №208/ГФ 24-26, 9 қыркүйек, 2024 жыл); РҚ мемлекеттік саясаттың стратегиялық міндеттеріне сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырыла-тын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ғылыми жоба немесе нысаналы бағдарлама аясында орындалмаған. 2) Диссертация Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы) аясында орындалған. 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарының бірі – білім және ғылым саласындағы адами капиталды дамыту, педагогикалық ғылымдарды жетілдіру және білім беру сапасын арттыру бағытына, 8D02303 – «Филология» мамандығы бойынша кадрлар даярлау бағдарламасына; ҚР Үкімет жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылымның дамуының «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағытына толық сәйкес келеді.

		дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеу ғылымға елеулі үлесін қосады, жұмыстың маңыздылығы – жазушы Айгүл Кемелбаева прозасындағы ұлттық код пен мифопоэтиканы арнайы зерттеумен ашылуында.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	3.1 Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдарынан, көркем шығарманы әдеби талдауынан өз ғылыми ізденісінің нәтижесі екені байқалады. Ғылыми стильде жазылған зерттеуден ғылым мәдениетіне нұқсан келтіретін жайттар байқалмайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	4.1 Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толықтай негізделген. Зерттеу қазіргі білім беру жүйесінің талаптарымен, теориялық және практикалық қажеттілігімен айқындалған. Диссертацияда гуманитарлық ғылым саласындағы заманауи педагогикалық технологиялар, әдістемелік жүйелер ұсынылған ғылыми тұжырымдармен дәйектелген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1)**айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	4.2 Диссертацияның кіріспесі, негізгі екі тарау мен әр тараудың тараушалары тақырыпты ашуға қызмет етеді. «Қазіргі қазақ прозасы және А.Кемелбаева шығармашылығындағы мифология», «А.Кемелбаева прозасындағы ұлттық код және кейіпкерлер жүйесі» деген тараулардың мазмұны тақырыпқа толық сәйкес келеді, зерттеу мақсаттары мен міндеттерін нақты көрсетеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	4.3 Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Қорғауға ұсынылған әр тұжырым диссертация тақырыбымен логикалық әрі мазмұндық тұрғыда тығыз байланысып, негізгі мақсатқа жетуге негізделген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	4.4 Бірінші тарауда қазақ прозасындағы мифологизм, неомифология (авторлық миф), неомистика, архетип және символ, шежірелік дәстүр қарастырлса, екінші тарауда ұлттық код, ұлттық психология, интеграция, ұлттық дискурс, кейіпкер психологиясы, кейіпкерлер жүйесіндегі ұлттық болмыс мәселелері зерттелгендіктен тараулар арасындағы логикалық байланыс сақталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп,	4.5 Автордың тақырыпты зерттеу барысында ұсынған ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулары теориялық және эмпирикалық

		бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **<u>сыни талдау бар;</u>** 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	тұрғыдан негізделіп, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылымда қалыптасқан пікірлерімен дәйектелген. Сыни талдау әдебиеттану ғылымындағы мифология мен авторлық мифті (неомифологизм) мәдени, ұжымдық бейсаналық аспектіде, поэтикалық механизм аясында, қазақ фольклорындағы миф, мистика, неомистика, қорқынышты әңгіме, шежірелік проза, ұлттық код, ұлттық құндылықтар, постмодернизм жане метамодернизм мәселелерін арнайы зерттеген шетелдік және отандық ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып ұсынған пайымдауларынан байқалады. Сонымен бірге жазушы шығармаларын арнайы зерттеген зерттеулер мен мақалалар, М.О.Әуезов атындағы Әлдебиет және өнер институтынан шыққан ұжымдық монографиялардағы ғалымдардың пікірлерін басшылыққа алған.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1**) <u>толығымен жаңа;</u>** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	5.1 Ғылыми нәтижелер толығымен жаңа болып табылады. А.Кемелбаева шығармашылығындағы авторлық миф (неомифологизм) – жаһандық дамудың салдарынан қалыптасқан дәстүрлі мифтердің қайта жаңғыруы, архетип ұлттық дүниетаным түкпірінде жатқан бейсаналық мағыналарды бейнелеу, шежірелік прозадағы рулық байланыс, жеті ата, әулет тақырыбын қозғап, қазақтың «шежіре» дәстүрін көркем прозаға енгізуі туралы тұжырымдары толығымен жаңа.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? **1) <u>толығымен жаңа;</u>** <u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңаемес (25% кем жаңа болып табылады)	5.2 Диссертация қорытындылары жаңа болып табылады. А.Кемелбаева туындыларында ұлттық кодтың берілуі фольклорлық мотивтер, ұлттық символика, ұлттық мінез аспектілерінде жүзеге асқандығы, тақырыптық-идеялық жағынан бір-біріне ұқсамайтын іргелі мәселелерді қозғап, түрлі жанрлық-бағыттық тенденцияны ұстанғандығы, «Мұнара» романында психологиялық, анималистік, эко-сын бағытындағы идеялық-мазмұндық арна «ұлт» архетипі негізінде өрбігендігі ғылыми түрде қорытындыланған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **<u>толығымен жаңа;</u>** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	5.3 Диссертациялық жұмыста ұсынылған технологиялық және басқарушылық шешімдер толықтай жаңа әрі ғылыми тұрғыдан негізделген технологиялық және басқарушылық сипаттағы тұжырымдар ретінде бағаланады. Әрбір шығарманы талдау барысында ұсынылған образдық мотивтерге, фольклорлық мотивтерге, шежірелік прозаға, сюжеттерге, лейтмотивтерге қатысты кестелер толығымен жаңа.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыста алынған барлық қорытындылар qualitative research талаптарына сәйкес жүргізілген теориялық талдауларға, философиялық, психологиялық-педагогикалық және әдебиеттанулық зерттеулерге сүйеніп жасалған. Автор зерттеу барысында мәтіндік, компаративтік, интерпретациялық, контекстік талдау әдістерін жүйелі түрде қолданып, гуманитарлық ғылымдар мен өнертану саласына тән сапалық деректерді терең саралаған. Сонымен қатар педагогикалық эксперимент нәтижелері, бақылау, сауалнама, сандық және сапалық талдау мәліметтері арқылы тұжырымдардың ғылыми негізділігі дәлелденіп, олардың сенімділігі мен дәйектілігі толық қамтамасыз етілген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең;	7.1 Қорғауға ұсынған қағидаттар теориялық талдаулармен, әдебиеттанулық негіздемелермен дәлелденген. Диссертант шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми пайымдауларымен әр қағидатты ғылыми тұрғыда дәлелдеген. Атап айтатын болсақ, *қазақ фольклорындағы миф* С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Ш.Ыбыраев, Б.Абылқасым, С.Қондыбай, Р.Әлмұханова, Т.Әсемқұлов, З.Наурызбаева, А.Тойшанұлы, М.Иманғазинов, Т.Қыдыр, С.Итеғұлова, *қорқынышты әңгіме жанры* Т.Мирвод, А.Мутин, А.Костюхин тәрізді ғалымдардың зерттеулерімен дәйектелген. 7.2 Ұсынылған қағидаттар бұрыннан белгілі тұжырымдармен шектелмей, оларды жаңаша жүйелеп, интеграциялағандықтан тривалды емес. 7.3 Ұсынылған қағидаттар жаңа болып табылады. А.Кемелбаева прозасындағы ұлттық код пен мифопоэтика орта және жоғары мектептерде бұған дейін арнайы оқытылмағандықтан, білім беру әдістемесінде авторлық әдістемелік жүйе аясында тұжырымдалған жаңа ғылыми нәтижелер болып табылады. 7.4 Қорғауға ұсынылған қағидаттарды қолдану деңгейі жоғары. Жоғары оқу орындарының филологиялық мамандықтарында білім алатын білімгерлерге «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Әдебиеттану», «Қазақ прозасы» пәндерін оқытуда және орта және жоғары мектептерге арналған оқу құралдары мен оқулықтарды әзірлеу барысында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. 7.5 Қорғауға ұсынылған қағидаттардың ғылыми негізділігі диссертация тақырыбы бойынша *Scopus* ғылыми деректер базасына кіретін журналда

		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? <u>1) ия;</u> 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	жарияланған 2 ғылыми мақала мен ҚР ҒжЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің натижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған 5 мақалада дәйектелген. Жұмыстың негізгі мазмұны 3 халықаралық конференцияда баяндалған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	8.1 Диссертациялық зерттеуде әдістеменің таңдауы зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Тақырыпты зерттеуде зерттеу нысаны мен пәнінің ерекшелігін ескере отырып, әдебиеттану, фольклортану ғылымдарының өзара сабақтас әдіснамалық тұғырларын кеңінен қолданған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: **<u>1) ия;</u>** 2) жоқ.	8.2 Диссертациялық зерттеуде алынған нәтижелер қазіргі заманғы ғылыми зерттеу талаптарына сай компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылған. Зерттеу барысында педагогикалық эксперимент жүргізіліп, студенттердің оқу жетістіктеріне қатысты деректер сауалнама, бақылау, жазбаша және ауызша жұмыстар арқылы жинақталған. Алынған эмпирикалық мәліметтер сандық және сапалық тұрғыдан өңделіп, статистикалық талдау әдістері арқылы жүйеленген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): **<u>1) ия;</u>** 2) жоқ.	8.3 Диссертациялық зерттеуде ұсынылған теориялық қорытындылар отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерімен дәйектелген. Диссертант *шежірелік проза* туралы A.Dihle, М.Бахтин, С.Аверинцев, Г.Винокур, Ю.Лотман, А.Веселовский, А.Джиоева, Е.Никольский, А.Сейдімбек, Ж.Салтақова, Ә.Қоспағарова, Ұ.Сәменқызының, *ұлттық код, ұлттық құндылықтар* туралы Н.Худолей, А.Шәріп, Қ.Уразбаева, С.Алтыбаева, Д.Неталиева, Ж.Құрманова, А.Турысбекова, Г.Пірәлиева, Г.Балтабаева, С.Сералимова, О.Исмайлова, Г.Токшылыкова, С.Сыздыков тәрізді ғалымдардың зерттеулеріне сүйенген. Көріп отырғанымыздай, тақырыпты зерттеуде аға буын өкілдерінен бастап, жас ғалымдардың да диссертациялық зерттеулері мен ғылыми мақалаларындағы пайымдауларына сүйеніп отырған.

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **<u>расталған</u>** / ішінара расталған / расталмаған	8.4 Диссертациялық жұмыстағы маңызды ғылыми мәлімдемелер толыққанды және сенімді ғылыми әдебиеттермен расталғанын шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерінен, ұжымдық монографиялардан, диссертациялық еңбектерден, ғылыми басылымдардағы мақалалардан көруге болады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **<u>жеткілікті</u>**/жеткіліксіз	8.5 Тақырыпты зерттеу барысында 184 дерек көзі пайдаланылған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға толығымен жеткілікті. Отандық және шетелдік авторлардың электрондық дереккөздерін пайдалануда әдебиеттану ғылымындағы соңғы бес жыл көлеміндегі зерттеулер кеңінен пайдаланылғаны диссертациялық жұмыстарды рәсімдеуге арналған талаптарға сәйкес келеді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: **<u>1) ия;</u>** 2) жоқ.	9.1 Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы көркем мәтін теориясындағы ғылыми пайымдарды нақтылап, орта және жоғары мектептегі әдеби білім берудің теориялық-әдіснамалық дамуына елеулі үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **<u>1) ия;</u>** 2) жоқ.	9.2 Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы жоғары оқу орындарында қазіргі қазақ прозасын оқытуға арналған нақты әдістемелік жүйе мен тиімді оқыту тәсілдерінің ұсынылуымен айқындалады. Зерттеу нәтижелері қазіргі қазақ әдебиеті және қазақ прозасын оқытуда қолданылады. Міндетті және таңдау пәндерінің дәрістік және семинарлық сабақтарында, міндетті және таңдау пәндерін әзірлеуде, оқу-әдістемелік кешендер мен силлабустарды құрастыруда қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? **<u>1) толығымен жаңа;</u>** 2) жартылайжаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңаемес (25% кем жаңа болып табылады).	9.3 Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Себебі әдебиеттану ғылымында А.Кемелбаеваның көркем шығармалары диссертация деңгейінде арнайы зерттелген жоқ. Диссертант модернизм, постмодернизм, метамодернизм секілді ағымдар мен бағыттар қазіргі әдебиеттің қажеттілігін өтеп жүрген тенденциялар ретінде А.Кемелбаеваның прозасынан орын алатындығын нақты шығармаларға әдеби талдау жасаумен дәлелдеген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға толығымен жауап береді. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жасалған. Оны диссертацияда *автофикшн, айсберг әдісі, альтер-эго, ризоматикалық шытырман, трикстер, эко-сын* тәрізді 37 термин сөздерге берген анықтамадан көруге болады.

11.	Диссертацияға ескертулер	Осындай жетістіктерімен бірге диссертантқа алдағы уақытта ескеретін төмендегідей ұсыныстарды айтуға болады: 1. Монография шығару барысында техникалық қателерге сақ болу керек; 2. Ұжымдық монографияларды пайдаланғанда жекелеген тарау авторлары көрсетілу керек (№23 әдебиетте «Қазақ прозасындағы мистика», №142 әдебиетте «Қазіргі әдбиеттегі жалпыадамдық құндылықтар» еңбектеріндегі тарау авторы көрсетілмеген); 3. Ғалымдардың ғылыми журналдағы мақалалары емес, монографиялары пайдаланылса зерттеудің ғылыми аппараты арта түсер еді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторанттың мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жоғары. Диссертация тақырыбы бойынша 10 мақала жарияланған. Мақалаларда қазіргі қазақ прозасындағы отаршылдықтан кейінгі әдебиеттің генеалогиялық шығармаларындағы ұлттық код және ұлттық мінез, әке ұғымының көркемдік бейнеленуі, мифологиядағы құстың орнитоморфты архетипі, халықтық таным мен ұлттық код, қазақ постмодернизмі мен неомифологиясы, ұлттық таным, әңгімедегі ұлттық мінез көрінісі, ұлттық таным мен постмодернистік дискурс сабақтастығы, реминисценция әдісі, «Қорқынышты әңгіме» сарыны, автофикшндік элементтер А.Кемелбаева шығармалары аясында қарастырылған. Зерттеу нәтижелері: – Scopus дерекқорына енгізілген халықаралық рецензияланатын журналда – 2 мақала, – ҚР ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын журналдарда – 5 мақала, – халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 3 баяндама, тәрізді жарияланымдарымен расталады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес Абдулина Анар Борановнаның 8D02303 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Айгүл Кемелбаева прозасындағы ұлттық код және мифопоэтика» диссертациясы – алдына қойған мақсатына жеткен, өзіндік айтары бар толық аяқталған жұмыс.

Шешім: Сондықтан, Абдулина Анар Борановнаның 8D02303 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Айгүл Кемелбаева прозасындағы ұлттық код және мифопоэтика» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады.

Ресми рецензент,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филол.ғ.д. **Г.Ж. Орда**